Қазақстанда бұлтты технологиялардың білім беру саласына енуі соңғы бірнеше жылда қарқын алған. Мектептер мен жоғары оқу орындарында электронды оқыту жүйелері енгізілуде, білім беру платформалары (мысалы, “Күнделік”, “Bilimland”, “Moodle”) жиі қолданылады.




*Сурет 3* - Жапонияда білім беру саласында ең жиі қолданылатын бұлттық технологиялар

3-суретте Қазақстанда білім беру саласында ең жиі қолданылатын бұлттық технологиялардың диаграммасы көрсетілген. Ең танымал платформалар қатарында “Kundelik.kz” және “Bilimland” тұр, бұл елдегі білім беру жүйесінде ұлттық ерекшеліктерді ескеретін құралдардың сұранысқа ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар, Google Workspace және Microsoft Teams сияқты халықаралық платформалар да белсенді қолданылады.

Цифрлық сауаттылық дегеніміз – ақпараттық технологияларды тиімді және этикалық түрде пайдалану қабілеті. Бұл дағды ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау, талдау және бөлісу дағдыларын қамтиды. Цифрлық сауаттылық білім алушылардың жеке өміріне, қоғамға, кәсіби өміріне оң әсер етуі мүмкін. Білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру білім алушыларды жаңа ақпаратпен жұмыс істеуге және оның дұрыс қолдануына үйретеді (Sun et al., 2021: 1–22; Park, 2019: 12–22; Lin et al., 2022: 4321–4340). Білім алушыларға цифрлық сауаттылық бойынша көмектесетін платформаларды салыстырмалы талдау кесте-1 келтірілген.

Кесте 1 – Білім алушыларға цифрлық сауаттылық бойынша көмектесетін платформаларды салыстырмалы талдау

| Бағдарлама | Мақсаты | Артықшылықтары | Кемшіліктері | Қолдануы |
|---|---|---|---|---|
| Code.org | Программалау және компьютерлік ойлауды дамыту | Қарапайым интерфейс, ойын түріндегі тапсырмалар, балаларға қолайлы | Қазақ тілінде қолдау жоқ, тек бастауыш деңгейде | тегін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Khan Academy | Жалпы цифрлық сауаттылық және кодтау | Тегін, сапалы видеолар, интерактивті тапсырмалар | Қазақ тіліндегі ресурстар аз | тегін |
| BilimLand | Мектеп бағдарламасына сәйкес IT және цифрлық сауаттылық | Қазақ тілінде, мектеп бағдарламасына бейімделген | Кейбір контент ақылы | тегін/ақылы |
| Scratch | Визуалды программалау арқылы логикалық ойлауды дамыту | Интуитивті интерфейс, балаларға арналған, тегін | Тереңдетілген программалау үйрену үшін шектеулі | тегін |
| Coursera | IT, деректерді талдау, цифрлық дағдылар | Әлемдік деңгейдегі университеттердің курстары | Көп курстар ақылы, күрделі интерфейс | тегін/ақылы |
| Stepik | Программалау және цифрлық сауаттылық | Тегін курстар бар, Python, Java, Web бойынша курстар | Қазақша контент өте аз | тегін/ақылы |
| Google Digital Garage | Жалпы цифрлық сауаттылық, маркетинг, деректерді талдау | Сертификат беріледі, кәсіпкерлікке пайдалы | Кейбір курстар тек ағылшын тілінде | тегін |
| Moodle | Онлайн оқыту және цифрлық сауаттылықты дамыту | Ашық кодты, оқу курстарын жүйелеуге ыңғайлы, тесттер, форумдар, тапсырмалар жасау мүмкіндігі | Орнату мен баптауға техникалық дағдылар қажет, серверлік ресурс талап етеді | Тегін (өз серверінде орнату үшін) /ақылы (хостинг қызметтеріне байланысты) |

Бұл кестеде бұлттық технологияның білім алушыларға цифрлық сауаттылық бойынша көмектесетін платформалар көрсетілген. Талдау білім алушылардың бұлттық бағдарламалармен танысып, оларды қолдану арқылы цифрлық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

**Материалдар мен әдістер**

Бұлтты технологиялар арқылы цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту перспективалары оқыту әдістерін үздіксіз жетілдірумен, инновациялық тәсілдерді енгізумен және заманауи технологияларды пайдаланумен тікелей байланысты.

Білім беру мекемелері цифрлық әлемнің сын-қатерлеріне мамандардың жаңа буынын дайындау үшін өздерінің педагогикалық тәжірибелеріне бұлтты ресурстарды белсенді түрде енгізуі керек.

Оқу процесінде бұлтты технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуда алынған деректерді талдау:

Сандық көрсеткіштер бойынша:

- Зерттеу кезеңінде білім алушылардың тарапынан бұлтты қызметтерді қолданудың өсу динамикасын жасау.
- Бұлтты технологияларды қолданатын және дәстүрлі топтардағы

оқытудың тиімділігін салыстыру (тесттер мен сауалнамалар нәтижелері бойынша).

Сапалық деректер бойынша:

- Білім алушылардың бұлтты технологияларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірлерін талдау.
- Білім алушылардың арасында ең танымал бұлтты қызметтерді анықтау.
- Бұлтты технологияларды оқу процесіне интеграциялаудың ең тиімді әдістерін анықтау болып табылады

Ғалымдардың зерттеулерінде, бүгінгі таңда қолданылатын мектеп информатика оқулықтары білім алушылардың цифрлық сауаттылықтың негізгі компонентін қалыптастыруға пропедевтикалық дайындықты әдістемелік сауатты және тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін негізді қамтиды. Алайда, цифрлық сауаттылықты дамыту тұрғысынан материалдарды ұсынудың ұйымдастырылған жүйесінің жоқтығы байқалады. Информатика оқулықтарының әртүрлі авторлары ұсынған бөлімдер цифрлық сауаттылықтың жекелеген қырларын қамтығанымен, оны толық қалыптастыруға жеткіліксіз. Бұл жағдай негізгі мектептегі информатика курсын цифрлық сауаттылықты дамытуға бағытталған жаттығулармен толықтыру қажеттігін көрсетеді. Мұндай жаттығулар ақпаратты іздеу, өңдеу және сақтау әдістерін меңгеруді, ақпараттық ағындардың қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз етуді, электрондық құжаттармен жұмыс істеуді, сондай-ақ ақпараттың сенімділігі мен дәлдігін талдау мен бағалауды қамтуы тиіс.

Сонымен қатар, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру мәселесін шешу үшін мазмұндық және әдістемелік аспектілерден бөлек, әлеуметтік-демографиялық факторларды да ескеру қажет. Олардың негізгілеріне мыналар жатады: ата-аналардың білімі, табысы және отбасылық жағдайы; отбасында және білім беру ұйымдарында бұлттық технологияларды пайдаланатын құрылғылардың қолжетімділігі; баланың жақын ортасындағы цифрлық мәдениет деңгейі және т.б.

Бүгінгі таңда жалпы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің цифрлық теңсіздікке ұласу үрдісі байқалады: кейбір әлеуметтік топтар «цифрлық капиталдың» маңыздылығын түсініп, оны жинақтаумен мақсатты түрде айналысады, бұл жаңа әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерге жол ашады. Цифрлық технологияларды меңгеру және интернетке қосылу мүмкіндігі білім беру онлайн-бағдарламаларына қолжетімділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, медицина мен қаржы саласындағы жедел көмекке, фриланс негізіндегі жаңа желілік мамандықтарға, әртүрлі коммуникацияларға жол ашады. Нәтижесінде, цифрлық технологиялар қазіргі заманғы цифрлық буынның өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, олардың әлеуметтенуінің маңызды факторы ретінде қалыптасуда (Demirkol et al., 2018: 75–89; Abdrayimova, 2019: 112–119).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, білім беру процесін

ұйымдастыру тұрғысынан білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту мақсатында сабақтан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды біріктіру осы жолда туындайтын бірқатар қиындықтарды жеңе алады деп болжауға болады. Біз жобалық іс-әрекет идеологиясы негізінде әзірлеген «цифрлық сауаттылық» сабақтан тыс іс-шаралар бағдарламасы арқылы білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелерін ұсынамыз. Экспериментке Шерхан Мұртаза атындағы мектеп гимназиясы 9-сыныптарының 25 оқушысы қатысты.

Ғылыми әдебиеттерде ұсынылған теориялық тұжырымдарды талдау негізінде біз білім алушылардың цифрлық сауаттылық деңгейін диагностикалау нәтижелері бойынша әртүрлі көрсеткіштерге сәйкес үш деңгейге бөлдік: базалық, орташа және жетілдірілген. Төменде олардың қысқаша сипаттамасы берілген (Aimagambetov, 2020; Erzhanova, 2021: 95–102).

***Базалық деңгей —*** ақпараттық қажеттілікті анықтау, мәселені нақты тұжырымдау және іздеу сұранысына сәйкес интернеттен ақпарат іздеу дағдыларын қамтиды. Бұл деңгейде білім алушылар ақпараттық іздеуге арналған цифрлық технологиялардың негізгі функцияларын біледі және ақпаратты талдау негізінде шешім қабылдайды, бірақ әрдайым тексерілген және сенімді дереккөздерге сүйенбейді. Сондай-ақ, олар жаңа қажетті ақпаратты жасау үшін цифрлық мазмұнды қолдана алады.

***Орташа деңгей*** – интернеттен ақпараттық сұранысқа сәйкес келетін мазмұнды табу, сандық деректерді алу және пайдалы ақпаратты жалған, қауіпті немесе зиянды мәліметтерден ажырата білу қабілеттерін қамтиды. Бұл деңгейдегі білім алушылар сенімді ақпарат көздері негізінде шешім қабылдайды, цифрлық құралдар мен сервистерді ақпаратты анықтау, оған қол жеткізу, басқару, біріктіру, бағалау, талдау және синтездеу үшін тиімді пайдаланады (Abilkhasimova, 2020: 292–295; Kairzhanova, 2019: 78–89; Kuznetsov, 2021: 33–42).

*Жетілдірілген деңгей* – ақпараттық қажеттілікті нақты тұжырымдау, интернеттен қажетті ақпаратты жылдам әрі тиімді іздеу дағдыларын қамтиды. Бұл деңгейдегі білім алушылар әртүрлі ақпарат көздерін салыстырып, біріктіру, цифрлық деректерді анықтау, іздеу, алу, сақтау, жіберу, жүйелеу және талдау қабілеттеріне ие. Олар ақпараттың өзектілігін, мақсатын, объективтілігі мен пайдалығын бағалай алады, сондай-ақ ақпаратты пайдалана отырып, тұжырымдар жасап, шешім қабылдайды.

Сонымен қатар, ақпарат көздерінің сенімділігін сыни тұрғыдан талдау қабілетіне ие.

Цифрлық сауаттылық деңгейін бағалау мақсатында зерттеудің айқындаушы кезеңінде 9-сынып оқушыларына «Өткен жылдың басты оқиғалары» тақырыбында жоба орындау тапсырылды. Бағалау келесі элементтерден тұрды:

1. Тест – 16 сұрақ, орындалу уақыты – 20 минут.
2. Практикалық тапсырмалар – 10 тапсырма, орындалу уақыты – 60

минут.

Тесттің әрбір дұрыс жауабы үшін 1 балл берілді, ал практикалық тапсырмалар 1-ден 4 баллға дейін бағаланды. Жинаған ұпай санына қарай оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейі анықталды:

*Базалық деңгей* – 16–23 балл,

*Орташа деңгей* – 24–45 балл,

*Жетілдірілген деңгей* – 46–54 балл.

Анықтау кезеңінде диагностика нәтижелері көрсеткендей, білім алушылардың 50 % - ы базалық, 42 % - ы орташа және 8 % - ы қалыптасқан цифрлық сауаттылықтың озық деңгейінде. Осылайша, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үшін стандартты информатика курсының мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі туралы қорытынды жасауға болады.

Бұл мәселені шешу мақсатында біз мектеп оқушыларына арналған және негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында пәндік, метапәндік және жеке нәтижелерге қойылатын талаптарды ескеретін «Цифрлық сауаттылық» атты сабақтан тыс іс-шаралар бағдарламасын жасадық.

Бағдарлама сабақтан тыс жұмыстың жалпы зияткерлік бағытында орындалып, цифрлық әлемде жұмыс істеуге қажетті дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталған. Ол 1 жыл бойы (34 сағат, аптасына бір сабақ) жүзеге асырылады. Бағдарлама факультативтік форматта жүргізіліп, жобаларды қорғау түрінде қорытынды бақылау жүргізіледі. Оның тақырыптық жоспарлау кесте -2 де көрсетілген (Budantsev, 2020: 120–127; Sidorov, 2018: 89–97).

Кесте 2 - “Цифрлық сауаттылық” сабақтан тыс іс-шаралар бағдарламасын тақырыптық жоспарлау

| № | Тақырып | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе | - Цифрлық сауаттылық ұғымы<br>- Цифрлық құралдар мен технологиялар туралы жалпы түсінік | 1 |
| 1.1 | Қауіпсіздік техникасы бойынша бастапқы нұсқаулық | - Жұмыс орнында қауіпсіздік ережелері<br>- Құрылғылар мен компьютерді қолдану бойынша нұсқаулық | 1 |
| 2 | Компьютермен жұмыс істеу | | |
| 2.1 | Компьютер құрылымы | - Компьютердің негізгі құрылғылары: процессор, жад, монитор және т.б.<br>- Компьютерді қосу және өшіру тәсілдері | 1 |
| 2.2 | Бағдарламаларды іске қосу. Windows операциялық жүйесі | - Бағдарламаларды іске қосу және жабу<br>-Windows операциялық жүйесі.Windows операциялық жүйесінде терезелермен жұмыс істеу (жабу, ұлғайту, кішігейту) | 1 |
| 2.3 | Файлдармен жұмыс | - Файлдар мен құжат қалталарды құру, сақтау және басқару | 1 |
| 2.4 | Ақпаратты ұйымдастыру | - Файлдар мен қалталарды жүйелі түрде ұйымдастыру және ақпаратты дұрыс сақтау тәсілдері | 1 |
| 2.5 | Файлдар мен қалталарды көшіру, тасымалдау және жою | - Файлдарды көшіру, тасымалдау және жою | 1 |
| 2.6 | Файл форматтары. Файлдарды сұрыптау. Құжат қалталарын және файлдарды іздеу | - Файлдардың түрлері және олардың айырмашылықтары<br>-Файлдарды сұрыптау және іздеу әдістері | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Офис бағдарламаларымен жұмыс істеу | | |
| 3.1 | Мәтіндік редакторлар. Құжатпен жұмыс. Мәтінді өңдеу және пішімдеу. Кестелер мен графика қосу. Баспадан шығару | - Microsoft Word немесе басқа мәтіндік редакторда құжат құру, өңдеу<br>- Мәтінмен жұмыс жасау, пішімдеу, кестелер мен графика қосу | 3 |
| 3.2 | Электронды кестелермен жұмыс. Формулалар мен кірістірілген функцияларды пайдалану | - Excel бағдарламасында электронды кесте құру<br>- Формулалар мен есептеулер жасау, мәліметтерді талдау | 2 |
| 3.3 | Презентациялармен жұмыс істеудің негіздері | - Microsoft PowerPoint бағдарламасында презентация құру<br>-Презентация жасау принциптері, дизайн және анимациялар | 2 |
| 3.4 | Компьютерлік графика. Компьютерлік графика түрлері | - Компьютерлік графиканың түрлері (векторлық, растрлық графика)<br>-Графикалық редакторлармен жұмыс істеу | 2 |
| 4 | Интернетте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары | | |
| 4.1 | Компьютерлік қауіпсіздік. Ақпараттық қауіпсіздіктің негіздері | - Интернетте қауіпсіз жұмыс істеу ережелері<br>-Антивирус бағдарламалары және оларды қолдану | 1 |
| 4.2 | Жеке деректерді қорғау | - Жеке деректерді қорғау әдістері<br>- Құпиясөздердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Құпиясөздерді дұрыс таңдау және сақтау<br>-Фишинг шабуылдары мен ғаламтор алаяқтық түрлерінен қорғану жолдарын үйрету | 2 |
| 4.3 | Wi-Fi желілеріндегі қауіптер | - Wi-Fi желілерінің қауіптері және олардан қорғану жолдары<br>- Қауіпсіз интернет желілерін қолдану | 1 |
| 4.4 | Компьютерлік вирустар. Антивируспен қорғау. Антивирус бағдарламалары | - Вирус түрлері және олардан қорғану<br>-Антивирус бағдарламаларын орнату және қауіпсіздік құралдарын пайдалану | 2 |
| 5 | Желі этикеті | | |
| 5.1 | Интернетте жұмыс істегенде қауіпсіздік шаралары (чаттар, форумдар, конференциялар, Skype, әлеуметтік желілер және т.б.). Желі этикеті. Кибербуллинг | - Интернеттегі әдеп ережелері<br>-Әлеуметтік желілерде қауіпсіз жұмыс істеу, кибербуллинг мәселелері | 2 |
| 5.2 | Цифрлық контентті жариялауда этикалық нормалар. Әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау | - Цифрлық контентті жариялауда этикалық принциптер<br>-Әлеуметтік желілерде ақпаратты дұрыс жариялау | 2 |
| 6 | Цифрлық қоғамда өмір сүру | | |
| 6.1 | Интернеттің мүмкіндіктерін түрлі салаларда пайдалану (білім/оқу, жұмыс, денсаулық, саяхат, бос уақыт және т.б.). Веб-сайттарға тіркелу, «жеке кабинет» жасау | - Интернеттің білім, жұмыс, денсаулық және басқа да салаларда пайдалану тәсілдері<br>-Веб-сайттарға тіркелу және жеке кабинет жасау | 3 |
| 6.2 | Электронды пошта, жеке цифрлық кеңістік негізі | - Электрондық пошта қызметтері<br>- Жеке цифрлық кеңістік құру және оны басқару | 1 |
| 6.3 | Цифрлық кеңістікте желілік өзара әрекеттесу құралдары | -Интернетте желілік өзара әрекеттесу құралдары: чаттар, электронды пошталар, әлеуметтік желілер | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6.4 | Жеке және топтық жобаларды орындау. Жобаларды қорғау | - Жобалар жасау (командалық немесе жеке)<br>- Жобаларды қорғау және қорғау барысында білім алушылардың цифрлық дағдыларын көрсету | 2 |

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру үшін ұсынылған факультативтің тиімділігін тексеру үшін оны зерделеу қорытындысы бойынша білім алушылар эксперименттің айқындаушы кезеңінде пайдаланылған әдістеме бойынша бағалаудан өтті.

**Нәтижелер мен талқылаулар**

Цифрлық сауаттылығын дамыту үшін білім алушылардан алынған зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер көрсеткендей, бақылау кезеңінде білім алушылардың цифрлық сауаттылығының қалыптасу деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалады: базалық деңгейдегі білім алушылар саны 50 % – дан 6 % - ға дейін, орта есеппен- 42 % - дан 25 % - ға дейін қысқарды, ал озық деңгейде 8 % - дан 69 % - ға дейін өсті. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың цифрлық дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Базалық деңгейдегі білім алушылар санының 50 %-дан 6 %-ға дейін төмендеуі – білім беру процесінде қолданылған жаңа әдістемелер мен практикалық тапсырмалардың тиімділігін дәлелдейді. Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда, білім алушылардың басым бөлігі цифрлық құралдарды жақсырақ меңгеріп, негізгі дағдыларды қалыптастырған. Орташа деңгейдегі білім алушылар санының 42 %-дан 25 %-ға дейін қысқаруы – білім алушылардың бір бөлігі өз білімін жетілдіріп, жоғарғы деңгейге ауысқанын білдіреді. Яғни, олардың цифрлық сауаттылық деңгейі артып, күрделі тапсырмаларды орындау қабілеттері жақсарды. Жетілдірілген деңгейдегі білім алушылар санының 8 %-дан 69 %-ға дейін артуы – білім алушылардың басым бөлігі цифрлық технологияларды сенімді түрде қолдана бастағанын көрсетеді. Олар ақпаратты іздеу, өңдеу, бағалау және креативті жобалар жасау дағдыларын жақсы меңгерген (Tleubergenova, 2019: 58–66).

Осы нәтижелер бойынша бұлттық технология цифрлық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады және білім алушылар үшін бірқатар артықшылықтар ұсынады:

Қолжетімділік және ыңғайлылық

- Кез келген жерден қолжетімділік – білім алушылар оқу материалдарына, тесттерге және жобаларға кез келген құрылғы арқылы (компьютер, смартфон, планшет) қол жеткізе алады.
- Қашықтықтан оқу мүмкіндігі – бұлттық технологиялар онлайн білім беруді жеңілдетіп, цифрлық сауаттылықты дамытуға жағдай жасайды.
- ЫІнтымақтастық пен бірлескен жұмыс
- Google Docs, Microsoft OneDrive, Moodle сияқты бұлттық платформалар білім алушылар мен мұғалімдерге бір файлды бірнеше адаммен бір уақытта өңдеуге мүмкіндік береді.
- Топтық жобалар мен онлайн талқылаулар – бұлттық құралдар

арқылы білім алушылар бірігіп жұмыс істей алады, цифрлық сауаттылық пен

коммуникативтік дағдыларын дамытады.

− Деректердің қауіпсіздігі және сақталуы

− Бұлттық сақтау жүйелері (Google Drive, Dropbox, Yandex Disk) – ақпараттың жоғалу қаупін азайтады, себебі барлық деректер қауіпсіз серверлерде сақталады.

− Жедел түрде сақталу – құжаттар мен жобалар жоғалып кетпейді, оларды кез келген уақытта қалпына келтіруге болады.

− Цифрлық дағдыларды дамыту

− Бұлттық қызметтерді пайдалану – білім алушылардың деректерді басқару, онлайн құжаттармен жұмыс істеу, ақпаратты бөлісу және талдау қабілеттерін жақсартады.

− Цифрлық сауаттылық пен IT-білімді нығайту – білім алушылар технологияны тиімді пайдалану арқылы заманауи еңбек нарығына бейімделе алады.

− Интерактивті оқыту және шығармашылық мүмкіндіктер

− Онлайн презентациялар, инфографикалар, бейне материалдар жасау –бұлттық технологиялар білім алушыларға өз идеяларын цифрлық форматта шығармашылық тұрғыда ұсынуға көмектеседі.

− Виртуалды зертханалар – білім алушылар тәжірибелік дағдыларын дамыту үшін түрлі цифрлық құралдарды пайдалана алады (Sharipov, 2022: 103–111).

**Қорытынды**

Зерттеу мақаласы бұлттық технологиялардың білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға арналған. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық сауаттылық – білім алушылардың ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану қабілетін қалыптастырудың маңызды бағыты болып табылады. Бұл тұрғыда бұлттық технологияларды оқу процесіне енгізу білім алушылардың цифрлық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұлттық технологияларды пайдалану:

Оқу материалдарына қашықтан қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

− Топтық жұмысты ұйымдастыруға және білім алушылардың ынтымақтастығын арттыруға ықпал етеді;

− Деректерді сақтау мен қауіпсіздікті жақсартады, ақпараттың жоғалу қаупін азайтады;

− Оқытудың интерактивтілігін арттырып, шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтеді;

− Уақыт пен ресурстарды үнемдей отырып, оқу үдерісінің тиімділігін арттырады.

Цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту үшін білім алушыларға Moodle, Google Workspace, Microsoft OneDrive, Dropbox, онлайн тест жүйелері және басқа да бұлттық платформаларды белсенді түрде қолдану қажет. Мұндай технологиялар білім алушыларға ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлау,

деректерді өңдеу, сандық қауіпсіздік қағидаларын сақтау сияқты маңызды дағдыларға үйретеді.

Қорытындылай келе, бұлттық технологияларды оқу процесіне енгізу – цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді құралы. Ол білім алушылардың білім деңгейін арттыруға, олардың заманауи технологияларға бейімделуіне және ақпараттық қоғамда табысты әрекет етуіне жағдай жасайды. Сондықтан, цифрлық сауаттылықты дамыту мақсатында бұлттық технологияларды білім беруде кеңінен қолдану – қазіргі заманның басты талаптарының бірі.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

Абдраимова Г.С. (2019). Қашықтан оқытудағы бұлтты технологиялардың рөлі // — *ҚР Білім және ғылым министрлігі ғылыми журналы*. — 2019. — №6(1). — Б. 112–119.

Аймагамбетов А. (2020). Қазақстандағы цифрлық білім беру: Мүмкіндіктер мен сын-қатерлер // — *ҚР Білім және ғылым министрлігі баяндамасы*. — 2020.

Anderson T., Dron J. (2017). Three generations of distance education pedagogy // The International Review of Research in Open and Distributed Learning. — 2017. — Vol. 18. —No. 2. — Pp. 89–105.

Alqahtani A., Rajkhan S. (2020). E-learning critical success factors during the COVID-19 pandemic: A comprehensive analysis // Education and Information technology. — 2020. — Vol. 25. — No. 6. — Pp. 5261–5280.

Баймуханова С.Р. (2020). Қазіргі заманғы білім беру үдерісіндегі цифрлық технологиялардың маңызы // — *Қазақстан ғылым академиясының хабаршысы*. — 2020. — №3. — Б. 45–57.

Demirkol A., Kazu I.Y. (2018). The effectiveness of cloud computing in higher education: A case study // — *Turkish Online Journal of Educational Technology.* — 2018. — Vol. 17. — No. 4. — Pp. 75–89.

Ержанова А.Б. (2021). Білім беру жүйесіндегі бұлттық технологияларды енгізу тәжірибесі // — *Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы.* — 2021. — № 78 (2). — Б. 95–102.

Кайржанова Г.А. (2019). Қазақстандағы қашықтан оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері // — *Білім беру инновациялары журналы.* — 2019. — № 5 (4). — Б. 78–89.

Кузнецов А.В. (2021). Использование облачных технологий в образовательном процессе // — *Научный журнал «Образование и технологии».* — 2021. — Т. 10. — № 2. — С. 33–42.

Cheng X. (2019). Exploring students' learning approaches in MOOCs using a multimodal learning analytics approach // Computers & Education. — 2019. — Vol. 146. — P. 103747.

Garrison D.R., Vaughan N.D. (2020). Blended learning in higher education: Framework, principles, and guidelines. — *San Francisco, CA: John Wiley & Sons*. — 2020. — 320 p.

Lin X., Gao F. (2022). The role of cloud computing in e-learning: A systematic literature review // — *Education and Information technology.* — 2022. — Vol. 27. — Pp. 4321–4340.

Picciano A.G. (2022). Theories and frameworks for online education: Seeking an integrated model // — *Online Learning.* — 2022. — Vol. 26. — No. 1. — Pp. 101–123.

Park S.Y. (2019). An analysis of the technology acceptance model in understanding university students' behavioral intention to use cloud-based learning environments // — *Educational Technology & Society.* — 2019. — Vol. 22. — No. 3. — Pp. 12–22.

Siemens G. (2020). Connectivism: A learning theory for the digital age // — *International Journal of Instructional Technology and Distance Learning*. — 2020. — Vol. 14. — No. 3. — Pp. 12–19.

Sun L., Tang Y., Zuo W. (2021). A comprehensive review of cloud computing in education //— *Journal of Cloud Computing*. — 2021. — Vol. 10. —No. 1. — Pp. 1–22.

Петрова Л.С., Иванов Д.М. (2020). Информационные технологии в современном образовании: вызовы и перспективы // — *Вестник Московского государственного университета*. — 2020. — № 4 (1). — С. 65–74.

Сидоров В.П. (2018). Дистанционное обучение с использованием облачных технологий // — *Современные проблемы образования.* — 2018. — № 7 (3). — С. 89–97.

Тлеубергенова Ж. (2019). Цифрландыру дәуіріндегі білім беру технологиялары // — *Отандық білім журналы.* — 2019. — № 2. — Б. 58–66.

Шарипов Е.Т. (2022). Білім берудегі бұлттық технологиялардың рөлі мен болашағы // — *Қазақстандық білім академиясының еңбектері.* — 2022. — № 9 (1). — Б. 103–111.

## REFERENCES


Anderson T., Dron, J. (2017). Three generations of distance education pedagogy. — *The International Review of Research in Open and Distributed Learning*. — Vol. 18. — No. 2. — Pp. 89–105.

Alqahtani A., Rajkhan S. (2020). E-learning critical success factors during the COVID-19 pandemic: A comprehensive analysis. — *Education and Information technology.* — Vol. 25. — No. 6. — Pp. 5261–5280.

Abdraimova G.S. (2019). Qa yqtan oqytuda y b lty tehnologialardyñ rölı. — *QR Bılım jäne ğylym ministrlıgı ğylymi jurnaly.* — № 6 (1). — Pp. 112–119.

Aimagambetov A. (2020). Qazaqstanda y sifrlyq bılım beru: M mkındıkter men syn-qaterler. — *QR Bılım jäne ğylym ministrlıgı baiandamasy.*

Baimuhanova S.R. (2020). Qazırgı zaman y bılım beru derısındegı sifrlyq tehnologialardyñ mañyzy. — *Qazaqstan ğylym akademiasynyñ habarşysy*. — № 3. — Pp. 45–57.

Cheng X. (2019). Exploring students' learning approaches in MOOCs using a multimodal learning analytics approach. — *Computers & Education*. — Vol. 146. — P. 103747.

Demirkol A., Kazu I.Y. (2018). The effectiveness of cloud computing in higher education: A case study. — *Turkish Online Journal of Educational Technology*. — Vol. 17. — No. 4. — Pp. 75–89.

Erjanova, A.B. (2021). Bılım beru j iesındegı b lttyq tehnologialardy engızu täjıribesı. — *Qazaq ūlttyq universitetınıñ* habar ysy. — № 78 (2). — Pp. 95–102.

Garrison D.R., Vaughan N.D. (2020). Blended learning in higher education: *Framework, principles, and guidelines. — San Francisco.* — 2020. — P. 320.

Kairjanova G.A. (2019). Qazaqstanda y qa yqtan oqytudy iymdastyru erek elıkterı. — *Bılım beru innovasialary jurnaly.* — № 5 (4). — Pp. 78–89.

Kuznesov A.V. (2021). spölzovanie oblachnyh tehnologi v obrazovatelnom prosese // Nauchnyi jurnal "Obrazovanie i tehnologii". — T. 10. — № 2. — Pp. 33–42.

Lin X., Gao F. (2022). The role of cloud computing in e-learning: A systematic literature review. — *Education and Information technology.* — Vol. 27. — Pp. 4321–4340.

Picciano A. G. (2022) Theories and frameworks for online education: Seeking an integrated model. — *Online Learning.* — Vol. 26. — No. 1. — Pp. 101–123.

Park S.Y. (2019). An analysis of the technology acceptance model in understanding university students' behavioral intention to use cloud-based learning environments. — *Educational Technology & Society.* — Vol. 22. — No. 3. — Pp. 12–22.

Siemens G. (2020). Connectivism: A learning theory for the digital age. — *International Journal of Instructional Technology and Distance Learning.* — Vol. 14. — No. 3. — Pp. 12–19.

Sun L., Tang Y., Zuo W. (2021). A comprehensive review of cloud computing in education. — *Journal of Cloud Computing.* — Vol. 10. —No. 1. — Pp. 1–22.

Petrova L.S., vanov D.M. (2020). nformasionnye tehnologii v sovremennom obrazovanii: vyzovy i perspektivy. — *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta.* — № 4 (1). — Pp. 65–74.

Sidorov V.P. (2018). Distansionnoe obuchenie s ispölzovaniem oblachnyh tehnologi // Sovremennye problemy obrazovania. — №7 (3). — Pp. 89–97.

Şaripov E.T. (2022). Bılım berudegı b lttyq tehnologialardyñ rölı men bola a y. — *Qazaqstandyq bılım akademiasynyñ eñbekterı.* — № 9 (1). — Pp. 103–111.

Tleubergenova J. (2019). Sifrlandyru däuırındegı bılım beru tehnologialary // Otandyq bılım jurnaly. — №2. — Pp. 58–66.

INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES
ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)
Vol. 6. Is. 1. Number 21 (2025). Pp. 58–70
Journal homepage: https://journal.iitu.edu.kz
https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.004

# PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF FUTURE TEACHERS PROFESSIONAL TRAINING

***D. Shrymbay[1,2*], E. Adylbekova[2], H.I. Bulbul[3]***

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan;
[2]U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan;
[3]Gazi University, Ankara, Turkiye.
E-mail: dana_26_06@mail.ru

**Shrymbay Dana —** senior Lecturer, Faculty of Technology, Taraz Regional University named after M. Kh. Du-laty, Taraz, Kazakhstan, doctoral student of «Informatics Teacher Training» speciality, Faculty of Physics and Mathematics, Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, A. Baitursynov street 13, 160012, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: dana_26_06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0382-5687;
**Adylbekova Elvira —** Candidate of Pedagogic Sciences, associate professor, Faculty of Physics and Mathemat-ics, Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, A. Baitursynov street 13, 160012, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: adylbekova_elvir@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1471-0137;
**Halil Ibrahim Bulbul —** PhD, professor, Department of Computer and Instructional Technology of Gazi Educa-tion Faculty of Gazi University, Ankara, Turkiye
E-mail: ibrahmhalil@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-6525-7232.



**Abstract.** This study explores the challenges and obstacles encountered by prospective educators in the context of enhancing their professional training. It exam-ines various methodologies employed in teacher preparation, presents findings from research in this domain, and offers conclusions and recommendations for improve-ment. The theoretical foundations and objectives of professional training are delineated, alongside the development of educational environment modeling technologies designed to foster intellectual, spiritual, and professional growth. Particular attention is given to the formation of future teachers as agents of self-development. Extensive research has been conducted on the professional adaptation of novice educators, iden-tifying key difficulties such as emotional exhaustion and professional crises. A lack of preparedness for the realities of school-based challenges can diminish teachers' professional potential and negatively impact their effectiveness in working with students. This study seeks to assess how future educators perceive the challenges of profes-sional adaptation. The findings reveal significant differences in their evaluation of

bureaucratic and didactic difficulties, as well as in their perceptions of support from school administrations and colleagues. The data underscore a lack of readiness for school-based professional demands, highlighting the critical need for fostering professional self-awareness, intrinsic motivation for self-directed learning, and continuous self-development to enhance the overall quality of teacher preparation.

**Keywords:** future teachers, professional development of the teacher, pedagogical education, professional training, teachers, difficulties, methods, results, discussion, conclusions, recommendations

**For citation:** D. Shrymbay, E. Adylbekova, H.I. Bulbul. PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF FUTURE TEACHERS PROFESSIONAL TRAINING//INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECH-NOLOGIES. 2025. Vol. 6. No. 21. Pp. 58–70 (In Kaz.). https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.004

# БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Д.А. Шрымбай[1,2*], Э.Т. Адылбекова[2], Х.И. Бүлбүл[3]***

[1]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан;
[2]Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан;
[3]Гази университеті, Анкара, Түркия.
E-mail: dana_26_06@mail.ru

**Шрымбай Дана Абилахаткызы —**аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан, «Информатика педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша докторант, Физика-математика факультеті, Өзбекәлі Жәнібеков Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, А. Байтұрсынов 13, 160012, Шымкент, Қазақстан
E-mail: dana_26_06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0382-5687;
**Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна —** Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Физика-математика факультеті, Өзбекәлі Жәнібеков Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, А. Байтұрсынов 13, 160012, Шымкент,Қазақстан
E-mail: adylbekova_elvir@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1471-0137;
**Халил Ибрагим Бүлбүл —** Гази университеті, Гази білім беру факультетінің компьютерлік және оқу технологиялары кафедрасының профессоры, докторы, Анкара, Түркия Республикасы
E-mail: ibrahmhalil@gmail.com. https://orcid.org/0000-0002-6525-7232.



**Аннотация.** Бұл мақала болашақ мұғалімдерінің кәсіби даярлығын арттыруға байланысты кездесетін қиындықтар мен мәселелерді қарастырады. Кәсіби даярлықта қолданылатын түрлі әдістер, осы бағыттағы жұмыстардың нәтижелері, зерттеу қорытындылары және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетілген. Теориялық негіздері мен мақсаттары анықталған. Интеллектуалдық, рухани және кәсіби әлеуетті дамытуға бағытталған білім беру ортасын модельдеу технологиялары әзірленген. Болашақ мұғалімдерді

өзін-өзі дамыту субъектісі ретінде қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Жаңадан бастаған мұғалімдердің кәсіби бейімделу мәселелеріне арналған көптеген зерттеулер бар. Бұл зерттеулер мұғалімнің кәсіби бейімделудің бастапқы кезеңінде кездесетін түрлі қиындықтарын атап көрсетеді, мысалы, эмоциялық шаршау, кәсіби дағдарыс. Мектептегі қиындықтарға дайын болмау мұғалімнің кәсіби әлеуетін төмендетіп, оның оқушылармен жұмыс сапасын нашарлатуы мүмкін. Бұл зерттеу болашақ мұғалімдердің кәсіби бейімделу қиындықтарын қалай бағалайтынын анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің «бюрократиялық» және дидактикалық қиындықтарды, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен әріптестерінің қолдауын бағалаудағы айырмашылықтарын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері мұғалімдерді даярлау сапасын жақсарту үшін кәсіби өзін-өзі тануды дамыту, өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі дамытуға ынталандыру қажеттілігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** болашақ мұғалімдер, мұғалімнің кәсіби дамуы, педагогикалық білім, кәсіби даярлық, қиындықтар, әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытындылар, ұсыныстар

**Дәйексөздер үшін:** Д.А. Шрымбай, Э.Т. Адылбекова, Х.И. Бүлбүл. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ//ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ. 2025. Т. 6. No. 21. 58–70 бет. (қазақ тілінде). https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.004.

# ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

***Д.А. Шрымбай[1*,2], Э.Т. Адылбекова[2], Х.И. Бюльбюль[3]***

[1]Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан;
[2]Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова, Шымкент, Казахстан;
[3]Университет Гази, Анкара, Түрция.
E-mail: dana_26_06@mail.ru

**Шрымбай Дана Абилахаткызы —** старший преподаватель Таразского университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан, докторант по специальности «Подготовка педагогов информатики», Факультет физики-математики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, ул.А.Байтурсынова, 13, 160012. Шымкент, Казахстан
E-mail: dana_26_06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0382-5687;
**Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна —** кандидат педагогических наук, доцент, Факультет физики - математики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, ул.А.Байтурсынова, 13, 160012. Шымкент, Казахстан
E-mail: adylbekova_elvir@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1471-0137;
**Халил Ибрагим Бюльбюль —** доктор наук, профессор кафедры компьютерных и педагогических технологий образовательного факультета Гази, Университет Гази, Анкара, Республика Турция
E-mail: ibrahmhalil@gmail.com. https://orcid.org/0000-0002-6525-7232.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются проблемы, с которыми сталкиваются будущие учителя в процессе повышения уровня своей профессиональной подготовки. Анализируются различные методы педагогического образования, представляются результаты проведённых исследований, формулируются выводы и даются рекомендации по совершенствованию системы подготовки педагогических кадров. Определены теоретические основы и целевые ориентиры профессионального становления учителя. Разработаны технологии моделирования образовательной среды, направленные на развитие интеллектуального, духовного и профессионального потенциала будущих педагогов. Особое внимание уделяется вопросам формирования учителя как субъекта саморазвития.

В современных исследованиях, посвящённых профессиональной адаптации начинающих педагогов, отмечаются различные трудности, возникающие на первых этапах профессиональной деятельности, в том числе эмоциональное выгорание и профессиональный кризис. Недостаточная подготовленность к школьным реалиям может негативно сказаться на профессиональном потенциале учителя и качестве его взаимодействия с учащимися.

Настоящее исследование направлено на выявление особенностей восприятия будущими педагогами сложностей профессиональной адаптации. Полученные результаты демонстрируют различия в оценке бюрократических и дидактических трудностей, а также в восприятии уровня поддержки со стороны администрации школы и коллег. Выявленный недостаточный уровень готовности будущих учителей к профессиональной деятельности подтверждает необходимость развития у них профессионального самосознания, мотивации к самообразованию и саморазвитию как ключевых факторов повышения качества подготовки педагогических кадров.

**Ключевые слова:** будущие учителя, профессиональное развитие учителя, педагогическое образование, профессиональная подготовка, учителя, трудности, методы, результаты, обсуждение, выводы, рекомендации

**Для цитирования:** Д.А. Шрымбай, Э.Т. Адылбекова, Х.И. Бюльбюль. ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ//МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. 2025. Т. 6. No. 21. Стр. 58–70. (На каз.). https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.004.

## Кіріспе

Қазіргі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, жаңа нормативтік құжаттардың енгізілуі, білім беру стандарттарының жаңаруы және кәсіби талаптардың өзгеруі жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі өзекті болып қала береді. Мұғалім мамандығы – «адам-адам» кәсібіне жатады, оның негізгі ерекшелігі – әртүрлі адамдармен өзара әрекеттесіп, олармен тиімді қарым-қатынас орната білуінде. Сондықтан мұғалім жеке тұлға ретінде оқушылар

мен қоғам үшін маңызды әрі қызықты болуы тиіс. Қоғамымыздың қазіргі даму қарқыны елімізде барлық салада түбегейлі өзгерістер енгізуді қажет етеді, ал бұл өзгерістерді енгізу мамандардың кәсіби дайындығының сапасының жоғары болуын талап етуде. Әрбір жұмыста өз ісін жетік меңгерген шебері болады. Бұл іс-әрекеттің кәсіби түрі, яғни кәсіби іс-әрекет. Кәсіби іс-әрекеттің алуан түрлері бар. Кәсіби іс-әрекет осы кәсіпке байланысты функцияларды орындау үшін қажетті білім, біліктілік, дағды жүйесін меңгеруді талап етеді. Іс-әрекеттің жоғары нәтижелеріне жету үшін және жоғары кәсіби деңгейге қол жеткізу үшін теориялық және практикалық білім алу арқылы, өзбетімен білімін көтеру және тереңдету арқылы адам бұл білім мен біліктілікті меңгереді.

Болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын жақсарту үшін олардың кездесетін негізгі қиындықтары мен оларды еңсеру жолдарын зерттеу маңызды. Зерттеулер педагогикалық білім мазмұны мен жаңадан бастаған мұғалімдердің мектептегі нақты қызметінің арасында үлкен айырмашылық бар екенін көрсетеді. Жаңадан бастаған мұғалімдердің мектепке келуі кәсіби дағдарыспен сипатталады, бұл олардың жұмыстан кету ықтималдығын арттырады. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – болашақ мұғалімдердің кәсіби бейімделу барысында кездесетін қиындықтарға қатысты болжамдарын зерттеу. Білім беру саласындағы жаһандық өзгерістер мұғалімдердің кәсіби дайындығына жаңа талаптар қояды. XXI ғасыр мұғалімі тек пәндік білімді меңгеріп қана қоймай, инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта білуі тиіс. Сонымен қатар, олар оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырып, критикалық ойлау дағдыларын дамытуы қажет. Осы мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын дамыту мәселелері жан-жақты талқыланады (Tikhomirova, 2020: 77–84).

**Материалдар мен әдістер.**

Білім кеңістігінде болып жатқан өзгерістерге жедел бейімделетін, үнемі шеберлігі мен біліктілігін арттыруға талпынатын мұғалімдердің қатысуымен білім берудің жоғары сапасына қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалімдердің педагогикалық ойлауының сапалық өзгеруіне, олардың шығармашылық қабілеттерін қарқынды дамытуға және кәсіби шеберліктерін арттыруға ықпал ететін біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру мен түрлендіру процестеріне басты назар аударылады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелерін жаңаша қарастыруды талап етеді. Оқу процесі тек теориялық білім берумен ғана шектелмей, кәсіби дағдылар мен тұлғалық даму мүмкіндіктерін де қамтуы тиіс. Мұғалімдерді даярлаудың өзектілігі білім берудің жаһандануы, технологиялық өзгерістер және оқушылардың қажеттіліктерінің үнемі өзгеруімен байланысты. Осыған орай, білім беру жүйесінде жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу қажеттілігі туындап отыр ( Kusainov, 2021: 89-93).

Кәсіби дайындықтың негізгі аспектілерінде болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығы бірнеше маңызды компоненттен тұрады:

- ✓ Пәндік құзыреттілік: мұғалім өз пәнін терең меңгеруі керек;

✓ Педагогикалық-психологиялық дайындық: оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнату, олардың жас ерекшеліктерін ескеру;

✓ Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдылары: мұғалімдердің цифрлық құралдарды меңгеруі олардың кәсіби құзыреттілігін арттырады;

✓ Заманауи білім беру әдістерін игеру: белсенді оқыту әдістері мен саралап оқытуды қолдану маңызды;

✓ Критикалық және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру: мұғалімдер оқушыларды талдау, шешім қабылдау, зерттеу жүргізу сияқты дағдыларға үйретуі тиіс;

✓ Құндылықтық бағдар және этикалық принциптер: мұғалімдер білім беруде әділдік, жауапкершілік, өзара сыйластық қағидаларын ұстануы тиіс (Koshkinbaeva, 2019: 24-26).

Кәсіби дайындықтың қазіргі мәселелері:

❖ Теория мен тәжірибенің арақатынасы: Болашақ мұғалімдер теориялық білімді жақсы меңгергенімен, оны тәжірибеде қолдану деңгейі төмен болуы мүмкін. Университеттер мен мектептер арасындағы байланысты нығайту бұл мәселені шешуге көмектеседі;

❖ Цифрлық сауаттылықтың жетіспеушілігі: Кейбір мұғалімдер инновациялық технологияларды қолдануда қиындықтарға тап болады, бұл өз кезегінде білім беру сапасына әсер етеді;

❖ Өзін-өзі дамыту және үздіксіз білім алу қажеттілігі: Кәсіби даму тұрақты түрде жүргізілмесе, мұғалімдердің біліктілігі өзектілігін жоғалтады;

❖ Инклюзивті білім беру дағдыларының жетіспеушілігі: Заманауи мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасау үшін мұғалімдердің арнайы дайындықтан өтуі қажет;

❖ Мотивацияның төмендігі: Кейбір жас мұғалімдер кәсіби қиындықтарға тап болып, мамандыққа деген қызығушылығын жоғалтады;

❖ Білім беру стандарттарының жиі өзгеруі: Бұл мұғалімдер үшін қосымша қиындықтар туғызады және олардың жаңа реформаларға бейімделуін қиындатады.

Кәсіби дайындықты жетілдіру жолдары:

▪ ЖОО бағдарламаларын жаңарту: Оқу жоспарларына тәжірибелік сабақтарды, интерактивті оқыту әдістерін, кәсіби тәжірибеден өтуді көптеп енгізу;

▪ Цифрлық технологияларды меңгеру: Болашақ мұғалімдерді цифрлық ресурстарды қолдануға үйрету, онлайн білім беру құралдарын қолдану;

▪ Мектептермен ынтымақтастық: Практикалық тәжірибені арттыру үшін ЖОО мен мектептердің серіктестігін күшейту;

▪ Өзін-өзі дамыту мәдениетін қалыптастыру: Мұғалімдерді үздіксіз білім алуға ынталандыру;

▪ Халықаралық тәжірибені енгізу: Әлемдік тәжірибені зерттеу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін шетелдік тағылымдамалар ұйымдастыру;

▪ Инклюзивті білім беру дағдыларын дамыту: Болашақ мұғалімдерді ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуге даярлау, арнайы курстар мен тренингтер өткізу;

▪ Мұғалімдердің мотивациясын арттыру: Әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту, мұғалімдерге кәсіби өсу мүмкіндіктерін ұсыну;

▪ Үздіксіз білім беру: Біліктілікті арттыру курстарын жүйелі түрде өткізу;

мұғалімдердің жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруіне жағдай жасау

Жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу

1.Онлайн білім беру платформаларын қолдану: Мұғалімдерге арналған MOOC курстарын дамыту;

2.Виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын пайдалану: Зертханалық жұмыстар мен тәжірибелік сабақтарда қолдану;

3.Білім беру аналитикасы: Деректер негізінде оқыту сапасын арттыру;

4.Қашықтықтан оқыту әдістерін меңгеру: Болашақ мұғалімдерді қашықтықтан оқытуға бейімдеу;

5.Зерттеу жұмыстарын дамыту: Болашақ мұғалімдерді ғылыми зерттеу жүргізуге баулу.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуы келесі аспектілерді қамтиды:

1.Интеллектуалдық даму – мұғалімнің теориялық білімін тереңдету және оның ойлау қабілетін дамыту.

2.Рухани даму – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және оқушыларға оң әсер ету.

3.Кәсіби даму – педагогикалық шеберлікті жетілдіру және заманауи білім беру технологияларын меңгеру.

Білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін инновациялық әдістерді қолдану қажет. Бұл модельдеу әдістерін, интерактивті оқыту технологияларын және дербес білім алу мүмкіндіктерін дамыту арқылы жүзеге асады.

Болашақ мұғалімдерді дайындауда келесі бағыттарға назар аудару қажет:

- Жобалау технологиялары – студенттердің өз бетінше зерттеу жүргізуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.
- Ақпараттық технологияларды қолдану – сандық ресурстарды пайдалану арқылы оқыту тиімділігін арттыру.
- Психологиялық-педагогикалық қолдау – студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби өсуіне жағдай жасау.

Өзін-өзі дамыту – мұғалімнің кәсіби және тұлғалық өсуінің маңызды аспектісі. Мұғалім өзін-өзі жетілдіруге, жаңа білімдерді игеруге және педагогикалық инновацияларды енгізуге үнемі ұмтылуы тиіс (Abenova, 2021: 262-264.)

**Нәтижелер мен талқылаулар**

Қазіргі заманғы ғалымдардың (И. Зязюн, С. Гончаренко, В. Сыпченко, Р. Гуревич, М. Лещенко, М. Чобитько, И. Богданова, Н. Мартишина) көзқарастары қарастырылып, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың негізгі концепциялары, әдістері және технологиялары талданады. Сонымен қатар, педагогикалық білім беру саласындағы өзекті мәселелер көтеріліп, оларды шешудің заманауи тәсілдері ұсынылады.

Мұғалімдер мен болашақ педагогтардың кәсіби дамуы мен өзін-өзі дамыту ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеу Ресей, Үндістан және Бразилия елдеріндегі педагогикалық білім беру мекемелерінің мұғалімдері мен студенттеріне бағытталған.

1.Ресей: Болашақ мұғалімдердің цифрлық ортадағы белсенділігінің олардың кәсіби дамуына әсері зерттелді. Нәтижелер студенттердің цифрлық

ресурстарды пайдалану деңгейі олардың кәсіби мақсаттарына тікелей байланы-сты екенін көрсетті.

2.Үндістан: Мұғалімдердің өмір сапасының кәсіби дамуға әсері қара-стырылды. Көптеген мұғалімдер кәсіби даму деңгейінің төмен екенін көрсетті, оған төмен қаржылық жағдай, отбасылық қиындықтар, психологиялық әл-а-уқаттың төмендігі және кәсіби даму іс-шараларына уақыттың жетіспеуі себеп болды.

3.Бразилия: Жоғары оқу орындарының жас оқытушылары арасында кәсіби даму және педагогикалық білім беру туралы әлеуметтік түсініктер зерт-телді. Нәтижелер көрсеткендей, оқытушылар көбінесе дәстүрлі оқыту әдістерін қолданады және бағалауды тек бағалау құралы ретінде қабылдайды (Kudaibergenova, 2020: 256-259.)

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының психологиялық-педагогикалық мәселелерін О.Н. Макарова, Е.А. Еремеев Алтай мемлекеттік білім академиясының оқытушылары зерттеді.

Зерттеу нәтижесінде:

1. Оқу бағдарламасын әзірлеу (инновациялық оқытуды күшейтудің бір әдісі – оқу бағдарламасын жаңарту).

2.Кәсіби біліктілікті жетілдіру бойынша семинарлар (қазіргі педагогтар үшін семинарлар мен тренингтер өткізу өте маңызды).

3. Технологияны білім беру үдерісіне енгізу (мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына цифрлық құралдар мен платформаларды енгізу қажет).

4. Ресурстардың жетіспеушілігі (инновациялық даярлық заманауи технологиялар мен білім беру материалдарына қолжетімділікті қажет етеді).

5. Теория мен практиканың арасындағы тепе-теңдікті сақтау (инновациялық оқыту теориялық білім мен практикалық дағдылардың үйлесімін қажет етеді).

6. Бағалау жүйесінің тиімсіздігі (дәстүрлі бағалау әдістері инновациялық оқытудың нәтижелерін дәл анықтай алмауы мүмкін).

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер мұғалімдердің кәсіби дайындығына жаңа талаптар қояды. Білім беру жүйесінің басты мақсаты – шығармашыл, белсенді, жаңа технологияларға бейімделе алатын мамандарды даярлау. Бұл процесте педагогикалық теория мен практиканың жаңа әдістері маңызды рөл атқарады.

Зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдерді даярлау үдерісінде келесі бағыттар маңызды:

- Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық білімін жетілдіру.
- Педагогикалық шеберлікті дамыту – шығармашылық және инновациялық әдістерді пайдалану.
- Жаңашыл оқыту технологияларын енгізу – цифрлық құралдар мен заманауи оқыту әдістерін қолдану.
- Үздіксіз білім беру – мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдай болашақ педагогтың тұлғалық

қалыптасуы мен тәрбие процесіне дайындық деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісі, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы және олардың өзін-өзі жетілдіруі түбегейлі өзгеруде. Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби даярлығын жетілдіру мәселелері ерекше маңызға ие. Бұл тақырып мұғалімдердің кәсіби қызметінің әлеуметтік маңызының артуына байланысты өзекті болуда.

